

## **БҰРЫНҒЫ СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ АУМАҒЫНДА ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 қаңтар 1994 ж. N 44 1994 жылғы 7 қаңтар N 44

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының атом энергетикасын дамытып, ядролық сынақтардың зардабын жою және тиісті аймақтарды әлеуметтік-экономикалық оңалту жөніндегі жұмысын ұлғайту мақсатында, сондай-ақ бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында тау-кен жұмыстары мен басқа да шаруашылық қызметін қауіпсіз жүргізудің қосымша шараларын қолдану үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығына пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру, оларды ұқсату және сату үшін бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны шеңберінде жер қойнауын геологиялық зерттеудің және жер қойнауын (пайдалануға объектілерден басқасын) пайдаланудың бірінші кезектегі құқықтары Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1992 ж., N 9, 248-бап) көзделген тәртіппен Орталық қызметінің бүкіл мерзіміне берілетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығына жеке адамдардың, жеке компаниялардың, оның ішінде шет ел компанияларының қаражаты мен олардың материалдық құндылықтары енгізілетін жарғылық әрі инвестициялық қорлары бар акционерлік және басқа компанияларды белгіленген тәртіппен құруына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі бекіткен жұмыс бағдарламасына сәйкес бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағында жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте тиісті жылға арналып көзделген, минералды шикізат ресурстарын молайту және жер қойнауын қорғау қорының қаржысы есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК